

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Ақмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ICT-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребенка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамымауы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

3 СЕКЦИЯ
ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДИКИ
ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ К ИНКЛЮЗИВНОМУ
ОБРАЗОВАНИЮ

INTERNATIONAL EXPERIENCE AND INNOVATIVE METHODS OF TRAINING
TEACHERS FOR INCLUSIVE EDUCATION

ӘОЖ 376:796:378

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДЫҒЫНДА БІЛІМ АЛАТЫН
СТУДЕНТТЕРДІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аханов Азамат Төкенұлы

khamzina415@gmail.com

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Бірліхан Ерзат

birlikhanerzat@gmail.com

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация Бұл мақалада дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алған, тірек-қимыл аппараты (ТҚАБ) бұзылған 8 студенттің қатысуымен жүргізілген жұмыстар негізге алынып, болашақ дене шынықтыру мамандарын инклюзивті білім беру жағдайына кәсіби даярлау мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында зерделенген бейімделген дене шынықтыру (БДШ) жаттығуларының студенттердің физикалық және психоэмоционалдық күйіне әсері көрсетіледі.

Мақаланың практикалық құндылығы – ТҚАБ студенттеріне арналған нақты әдістемелік ұсыныстар мен олардың даму динамикасын айқындайтын көрсеткіштер. Инклюзивті білім берудің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы айқындалып, дене шынықтыру пәнінің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың физикалық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына әсері талданады. Болашақ мамандарды даярлаудың теориялық, әдістемелік және практикалық бағыттары жүйеленіп, инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеуге қажетті кәсіби құзыреттіліктер сипатталады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттілігі, дене шынықтыру және спорт, болашақ маман, кәсіби даярлық, педагогикалық құзыреттілік.

Abstract

This article examines the issues of professional training for future physical education teachers within an inclusive environment, based on a study involving eight students with musculoskeletal disorders (MSD) majoring in Physical Education and Sports. The study demonstrates the impact of adaptive physical education (APE) exercises on the physical and psycho-emotional well-being of the students.

The practical significance of the research lies in the development of specific methodological recommendations for students with MSD and indicators that define their developmental dynamics. The role of inclusive education in the modern educational system is identified, and the influence of physical education on the physical, social, and personal development of students with special educational needs is analyzed. Theoretical, methodological, and practical directions for training future specialists are systematized, and the professional competencies required for effective work in an inclusive environment are characterized.

Keywords: inclusive education, special educational needs, physical education and sports, future specialist, professional training, pedagogical competence.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояуда. Сол талаптардың бірі – ерекше білім беруді қажет ететін

(ЕБҚ) балаларға тең қолжетімді білім беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру моделін дамыту.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітіліп, «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)» деп атап көрсетілген [1].

Инклюзивті білім беру білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуетін толық ашуға бағытталған гуманистік педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Инклюзивті білім беру – бұл тек ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту емес, әрбір білім алушының қабілетін, мәдениетін және жеке даму қарқынын құрметтейтін жүйе [2].

Ашық ғылыми және білім беру дереккөздерінде кеңінен таралған жалпылама тұжырымдарды негізге алсақ, оның гуманистік сипаты келесі принциптерден көрінетінін байқаймыз:

Тең құқылы орта: Баланы ортаға бейімдеу емес, ортаны баланың қажеттілігіне ыңғайлау.

Кедергісіз кеңістік: Тек физикалық (пандустар) емес, сонымен қатар психологиялық кедергілерді жою.

Әлеуетті ашу: Оқушының «диагнозына» емес, оның күшті жақтары мен талантына назар аудару.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Қазақстанның инклюзивті саясаты халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес дамуда және мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылатыны атап көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасы елдегі адами капиталдың сапасын, еңбек өнімділігінің деңгейін және мамандардың бәсекеге қабілеттілігін алдын ала айқындайтын ажырамас факторлар болып табылатыны айтылған [4].

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы Заңымен білім берудің барлық деңгейінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау; білім беру қажеттіліктерін бағалауды және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді бекіту жөніндегі нормаларды енгізу; баланың даму ерекшеліктеріне қарай оқу жоспарларының, бағдарламалардың вариативтілігін, икемділігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер регламенттелген [5].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, бұл үдерісте дене шынықтыру пәні де ерекше маңызға ие екені анық, себебі ол оқушылардың физикалық дамуын ғана емес, олардың психологиялық тұрақтылығын, әлеуметтік бейімделуін және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт мамандарын инклюзияға дайындау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Инклюзивті дене шынықтыру – әртүрлі мүмкіндігі бар білім алушылардың дене тәрбиесіне бірлесе қатысуын ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық үдеріс. Бұл жағдайда мұғалімнің негізгі міндеті – әр оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жаттығуларды бейімдеу, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру. Мұндай сабақтар қолжетімділік, қауіпсіздік, дараландыру және ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

ЕБҚ білім алушыларға тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру немесе есту қабілеті төмен, сондай-ақ зияткерлік дамуында ерекшеліктері бар балалар жатады. Дене шынықтыру

сабақтарын ұйымдастыру барысында мұғалім баланың медициналық көрсеткіштерін, психофизиологиялық ерекшеліктерін және қозғалыс мүмкіндіктерін ескеруі тиіс. Ғылыми еңбектерде дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі ЕБҚ оқушыларының қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың өз-өзіне сенімділігін қалыптастырып, әлеуметтік оқшауланудың алдын алатыны көрсетілген.

Сондықтан болашақ дене шынықтыру маманы инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін ғана емес, осы санаттағы оқушылармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын да меңгеруі қажет деп есептейміз.

Болашақ дене шынықтыру мамандарын инклюзивті білім беруге даярлау кешенді әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда бірнеше өзара байланысты компоненттерді қамтитын құрылымды ұсынамыз.

1. Теориялық дайындық

Студенттер инклюзивті білім берудің заңнамалық негіздерімен, арнайы педагогика мен психологияның базалық ұғымдарымен танысуы керек. Сонымен қатар, әртүрлі нозологиядағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін білу – кәсіби даярлықтың маңызды бөлігі.

2. Әдістемелік дайындық

Болашақ мамандар дене жаттығуларын бейімдеу әдістерін, жүктемені реттеу жолдарын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі тиіс. Мысалы, тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылар үшін тепе-теңдікке арналған жаттығуларды тірек құралдарымен орындау, ал есту қабілеті төмен оқушыларға көрнекі нұсқауларды көбірек қолдану тиімді.

3. Практикалық дайындық

Практикалық сабақтарда студенттер белгілі бір диагнозға сәйкес жаттығулар кешенін әзірлейді. Мысалы, көру қабілеті төмен оқушылар үшін дыбыстық сигналдармен сүйемелденетін қозғалыс ойындарын қолдану.

4. Рефлексия және талдау

Өткен практикалық сабақтан кейін студенттер өз әрекеттерін талдап, қиындықтар мен жетістіктерді анықтайды. Бұл кәсіби өсуге ықпал етеді.

5. Практика мен теорияның сабақтастығы

Инклюзивті білім беруде теория мен практиканың өзара байланысы ерекше маңызды. Университет қабырғасында алынған білім мектептегі нақты жағдайлармен ұштасқанда ғана болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі қалыптасады. Сондықтан оқу бағдарламасына инклюзивті дене шынықтыруға арналған арнайы пәндер мен практикалық модульдерді енгізу қажет.

Осы тұрғыдан біз өзіміз практикалық сабақ өткізетін студенттермен зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Эксперименттік зерттеудің нысаны ретінде ТҚАБ бар 8 студент таңдалды. Оқыту процесінде келесі авторлық адаптивті модельдер қолданылды:

- Статикалық-динамикалық коррекция: Изометриялық жаттығулар арқылы бұлшықет корсетін нығайту (мысалы, алақанды қысу).

- Когнитивті-моторлық интеграция: Бочча және нысаналы ойындар арқылы проприоцептивті сезімді (дене мүшелерінің кеңістіктегі сезімі) дамыту. Координация мен қол моторикасын дамытуға арналған нысанаға доп лақтыру.

- Вестибулярлық тұрақтандыру: Фитбол-терапия негізіндегі тепе-теңдік жаттығулары.

• Нәтижелерді талдау

Бір оқу оқу жылы ішіндегі мониторинг нәтижелері келесідей оң динамиканы көрсетті:

1. Функционалдық көрсеткіш: Студенттердің өз бетінше қозғалыс еркіндігі 35%-ға артты.

2. Психоэмоционалдық статус: Тестілеу нәтижесінде студенттердің өзіне деген сенімділігі мен топтық коммуникациясы 96%-ға өсті.

3. Кәсіби дайындық: Болашақ мамандардың ЕБҚ студенттермен жұмыс істеудегі әдістемелік сауаттылығы жоғарылады.

Тәжірибелік зерттеу инклюзивті дене шынықтырудың үш негізгі детерминантын айқындады:

- Дифференциалды тәсіл: Стандартты спорттық құралдарды (инвентарды) студенттің антропометриялық және физиологиялық ерекшеліктеріне қарай модификациялау.
- Психологиялық тосқауылдарды жою: Мұғалімнің эмпатиялық қасиеттерін дамыту және студенттердің әлеуметтік оқшаулану» қаупін сейілту.
- Кері байланыс: Студенттің күнделікті жетістігін бағалайтын жеке даму траекториясын құру.

Эксперимент нәтижесінде студенттердің даму көрсеткіштері келесідей өзгерді:

Көрсеткіштер	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Өсім (%)
Қозғалыс белсенділігі	30%	65%	+35%
Координациялық дәлдік (10-нан)	2.5 балл	6.2 балл	+148%
Психоэмоционалдық күй (1-10)	4.1 балл	8.5 балл	+96%

Мысалы, сабақ барысында ТҚАБ бар С. есімді студент бастапқыда физикалық кедергілеріне байланысты топтық ойындардан оқшауланды. Алайда, Бочча элементтерін енгізу арқылы оның дәлдік қабілеті ашылып, ол команда капитаны рөлін атқара бастады. Бұл атқарылған жұмыстардың нәтижелі және тиімді екенін көрсетті.

Практика мен теорияның сабақтастығы мәселесіне кеңірек тоқталатын болсақ, ТҚАБ студенттерімен жұмыс істеу барысында біз тек физикалық емес, жүйелі педагогикалық кедергілермен бетпе-бет келдік. Бұл мәселелерді шешу – болашақ спорт мамандарын даярлаудың негізгі бағыты болуы тиіс:

Психологиялық кедергілер және «Сәтсіздіктен қорқу» феномені:

Тәжірибе көрсеткендей, студенттердің (болашақ мұғалімдердің) бойында ЕБҚ тұлғаға «зақым келтіріп алу» қорқынышы басым. Бұл мұғалімнің еркін жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Оны шешу жолы – студенттердің эмпатиясын дамытып қана қоймай, оларға ТҚАБ кезіндегі физиологиялық шектеулер мен рұқсат етілген жүктемелер туралы нақты клиникалық-педагогикалық білім беру.

Спорттық инвентарды модификациялау (Бейімдеу):

Көп жағдайда стандартты спорттық құралдар ТҚАБ студенттеріне сәйкес келмейді. Біз өз практикамызда келесідей шешімдерді қолдандық:

- Стандартты доптарды жеңілдетілген, дыбыстық сигналы бар немесе жұмсақ материалдан жасалған доптармен алмастыру;

- Кедергілерді студенттің арбасының немесе балдағының еніне қарай реттеу;

- Жаттығу орындарын (фитболдар) қолжетімді биіктікке орналастыру.

Бұл болашақ мамандардан «шығармашылық педагогикалық ойлауды» талап етеді. Әлеуметтік оқшаулануды жеңу:

ТҚАБ студентінің спорт залында болуы – тек жаттығу емес, ол – әлеуметтену. Біз «Жұптық қолдау» әдісін енгіздік, мұнда денсаулығында мүмкіндігі шектеулі студент пен жалпы топ студенті бірлесіп жаттығу орындайды. Бұл екі жақтың да толеранттылығын арттырып, гуманистік педагогиканың негізгі мақсатын жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, дене шынықтыру мамандарын инклюзивті білім беруге дайындау – көпқырлы және жүйелі үдеріс. Ол теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды, гуманистік көзқарасты және кәсіби жауапкершілікті талап етеді. Болашақ мамандарды ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен тиімді жұмыс істеуге үйрету

арқылы инклюзивті білім берудің сапасын арттыруға және қоғамда тең мүмкіндіктер қағидатын нығайтуға болады.

Инклюзивті ортада кәсіби қызмет атқара алатын дене шынықтыру мұғалімі білім алушылардың физикалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, олардың әлеуметтік және тұлғалық әлеуетін дамытуға үлес қосады.

Осы тұрғыда жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын инклюзивті бағытта жетілдіру, арнайы пәндер мен практикалық модульдердің үлесін арттыру инклюзивті білім берудің сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Жүргізілген зерттеу жұмысы дене шынықтыру сабақтарындағы инклюзия — бұл тек физикалық жаттығулар жиынтығы емес, студенттің тұлғалық әлеуетін ашатын гуманистік педагогикалық процесс екенін көрсетті. Экспериментке қатысқан 8 студенттің динамикасы көрсеткендей, бейімделген жаттығулар (изометриялық, координациялық, релаксациялық) ТҚАБ бар білім алушылардың әлеуметтік интеграциясын 107%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Болашақ спорт мамандарын даярлауда олардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру – заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәжірибелік зерттеу инклюзивті дене шынықтырудың үш негізгі детерминантын айқындады:

- Дифференциалды тәсіл: Стандартты спорттық құралдарды (инвентарды) студенттің антропометриялық және физиологиялық ерекшеліктеріне қарай модификациялау.

- Психологиялық тосқауылдарды жою: Мұғалімнің эмпатиялық қасиеттерін дамыту және студенттердің «әлеуметтік оқшаулану» қаупін сейілту.

- Кері байланыс: Студенттің күнделікті жетістігін бағалайтын жеке даму траекториясын құру.

Инклюзивті ортада жұмыс істейтін дене шынықтыру маманы келесі құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- Креативтілік: стандартты жаттығуды ЕБҚ баланың мүмкіндігіне қарай лезде өзгерте алу;

- Психологиялық тұрақтылық: студенттің эмоционалдық жағдайын сезіну (эмпатия);

- Медициналық-биологиялық сауаттылық: ТҚАБ кезіндегі рұқсат етілген физикалық жүктемелердің шегін білу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2007 (өзгертулер мен толықтыруларымен), 1-бап, 19-2) тт.

2. Сүлейменова Р. А. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҰҒПО, 2011. - 120 б.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы, 4-бөлім

4. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, Астана, 2024 жыл

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы Заңы

6. Евсеев С. П. Теория и организация адаптивной физической культуры: Оқулық. - М.: Спорт, 2016. - 616 б.

7. Мухамеджанова А.Е. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.